

**«Астана Балет» театры» ЖШС қызметіндегі
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау
жүргізу нәтижелері бойынша
талдамалық анықтама**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының Конституциясына, 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №488 бұйрығымен бекітілген ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға, «Астана Балет» театры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Жарғысына және өзге де құқықтық актілерге сәйкес жүргізілді.

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісінің атауы: «Астана Балет» театры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Театр немесе Серіктестік).

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Театрдың құрылымдық бөлімшелеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2. Театр құрылымдық бөлімшелерінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу функциясы жүктелген уәкілетті тұлға: комплаенс-офицер – Жолдасбай Айдар Амангелдіұлы (2025 жылғы 15 сәуірдегі №40 бұйрық).

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі: 2025 жылғы 28 сәуірден 29 мамырға дейін.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің негізі: 2025 жылғы 15 сәуірдегі №40 бұйрық ««Астана Балет» театры» ЖШС құрылымдық бөлімшелерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы».

6. Ішкі талдау объектісінің қызметі талданатын кезең: 2024 жылғы 30 сәуірден 2025 жылғы 28 сәуірге дейін.

7. Театр басшылығы және штаттық саны туралы мәліметтер:

Театр директоры – Совостьянов Александр Александрович (лауазымға тағайындалуы туралы №40 бұйрық, 2019 жылғы 8 ақпан, еңбек шарты 2025 жылғы 11 наурызда жұмыскердің бастамасымен бұзылды).

Театр директорының міндетін атқарушы – Кузембаев Валерий Альбекович (№18 жбұ бұйрық, 2025 жылғы 12 наурыз).

Театрдың штаттық саны – 378 бірлік, нақты жұмыс істейтін жұмыскерлер саны – 346.

Театрдың қызметінің мәні:

- Концерттік қызмет;
- Театр қызметі.

Театрдың құрылтайшысы:

Қазақстан Республикасы Үкіметі атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі – Комитет). Комитет республикалық меншікке қатысты меншік иесінің құқықтарын іске асыру өкілеттігіне ие және Серіктестіктің мемлекеттік қатысу үлесін басқару функцияларын жүзеге асырады.

Мемлекеттік орган (Жалғыз қатысушы), ол Серіктестіктің жарғылық капиталындағы мемлекеттік қатысу үлесіне иелік ету және оны пайдалану құқығын тиісті қабылдап алу-тапсыру актісі негізінде жүзеге асырады – Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі.

Мемлекеттік органдар тарапынан Театрға қатысты бұрын жүргізілген тексерулер:

2024 жылғы 20 мамырдағы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат вице-министрінің № 29-01-29/147-ВН тапсырмасы негізінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Архивтер, құжаттама және кітап ісі комитеті тарапынан субъектіні бару арқылы Ұлттық архив қоры мен архивтер туралы заңнаманың сақталуына қатысты тексеру жүргізілді.

Тексеру нәтижелері бойынша Серіктестікте анықталған ескертулерді жою, құжаттамалық қамтамасыз етуді қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкестендіру, сондай-ақ архивтік сақтау жүйесін жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

1. Серіктестіктің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде (НҚА) және ішкі нормативтік құжаттарда (ІНҚ) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Серіктестіктің қызметін реттейтін ішкі нормативтік актілерді талдау барысында, оларда сыбайлас жемқорлыққа себеп болуы мүмкін нормалар мен типтік сыбайлас жемқорлық факторларының бар-жоғына тексеру жүргізілді, оның ішінде:

- құқықтық олқылықтар;
- құқықтық актілер мен ішкі құжаттар арасындағы қайшылықтар;
- құқықтық-лингвистикалық белгісіздік;
- дискрециялық өкілеттіктердің кеңдігі;
- лауазымды тұлғаларға міндеттің орнына құқықтың берілуі.

Театрдың бекітілген Жарғысына сәйкес, Серіктестіктің әрбір органы (Серіктестіктің жоғарғы органы – Жалғыз қатысушы орган, басқару органы – Бақылау кеңесі, атқарушы органы – Директор) өз өкілеттігін «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» және «Мемлекеттік мүлік туралы» заңнамалардың талаптарына сәйкес жүзеге асырады. Серіктестік органдарына шешімдерді өз қалауымен қабылдауға мүмкіндік беретін немесе жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруына кедергілер туғызуға ықпал ететін нормалар анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы іске асыру мақсатында Театр директорының бұйрығымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға және азайтуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, жұмыскерлердің құқықтық сауаттылығын арттыруға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қағидатын іске асыруға бағытталған ішкі нормативтік құжаттар әзірленіп, бекітілді, оның ішінде:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереже;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты;
- Серіктестіктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты;
- Мүдделер қақтығысын реттеу саясаты;
- Корпоративтік этика кодексі;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық.

Сонымен қатар, антикоррупциялық құжаттар тізбесінен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереже Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің шешімімен бекітілген, ал қалған құжаттар (*соның ішінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт, Мүдделер қақтығысын реттеу саясаты, Корпоративтік этика кодексі*) атқарушы орган деңгейінде бекітілген.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, сондай-ақ Серіктестіктің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ережесіне сәйкес, аталған ішкі нормативтік құжаттарды Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің қарауына шығарып, бекіту **ұсынылады**.

Талдау кезеңінде Серіктестікте ішкі нормативтік құжат әзірленіп, бекітілді – қызметтік тұрғын үйді бөлу қағидалары, ол директордың 2024 жылғы 12 шілдедегі №75 бұйрығымен бекітілген.

Аталған құжат қызметкерлерге қызметтік тұрғын үй беру тәртібін реттейді, тұрғын үй алуға құқығы бар тұлғалар санаттарын, өтініш беру мен қарау шарттарын, шешім қабылдау негіздерін және уақытша тұру туралы шарттарды жасасу қағидаларын айқындайды.

Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу шеңберінде келесі кемшіліктер анықталды, оларда ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің белгілері бар:

- комиссияға ұсынылған өтініштер мен қабылданған шешімдердің ресми есепке алу тәртібінің болмауы;

- қызметтік тұрғын үйді нақты пайдалану бойынша бақылаудың жеткіліксіз ашықтығы;

- тұрғындар туралы деректерді сақтау мен жүргізу тәртібінің белгіленбегені.

Аталған тәуекелдерді азайту және қызметтік тұрғын үйді беру процесінің ашықтығын арттыру мақсатында, **Қағидаларға келесі толықтыруларды енгізу ұсынылады:**

1. Қағидаларға енгізу:

- Қосымша № 1 — Қызметтік тұрғын үй беру туралы өтініштерді есепке алу журналы;

- Қосымша № 2 — Қызметтік тұрғын үйде тұратын тұлғалардың тізімі.

2. Аталған журналдарды жүргізуге, оларды өзектендіруге және бақылау тәртібін сақтауға уәкілетті жауапты тұлғаны тағайындау.

Ұсынылған шараларды іске асыру өтініштер мен комиссия шешімдерін сенімді және жүйелі түрде есепке алуды қамтамасыз етуге, тұрғын үйді бөлу барысында субъективті көзқарас ықтималдығын болдырмауға, сондай-ақ Серіктестік қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы кепілдіктерді күшейтуге мүмкіндік береді.

Серіктестікте ішкі нормативтік құжат әзірленіп, бекітілді — Тәртіптік комиссия туралы ереже, ол директордың 2024 жылғы 28 тамыздағы № 78 бұйрығымен бекітілген.

Аталған құжат тұрақты жұмыс істейтін алқалық орган — тәртіптік комиссияны құруды көздейді, оған жұмыскерлердің тәртіптік теріс қылықтарын жан-жақты әрі объективті қарау өкілеттіктері берілген. Ереже комиссияны құру тәртібін, оның құрамын, қызмет қағидаттарын, сондай-ақ түсініктемелер жинау, шешім қабылдау және қорытындыларды құжатпен ресімдеу рәсімдерін реттейді.

Аталған Ереженің қабылдануы еңбек заңнамасының талаптарын сақтауға, әділ әрі ашық тәртіптік тәжірбиені қалыптастыруға, сондай-ақ Серіктестікте еңбек және орындаушылық тәртіпті нығайтуға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» заңнамасын орындау мақсатында ішкі нормативтік құжат – **Жеке деректерді жинау, өңдеу және қорғау туралы саясат (2024 жылғы 4 қазандағы №97 бұйрықпен)** бекітілді және күшіне енгізілді.

Аталған Саясат Серіктестіктің өндейтін жеке деректер субъектілеренің деректерін өндеудің мақсаттарын, қағидаттары мен тәртібін айқындайды, оның ішінде жұмыскерлерді, жұмысқа орналасуға үміткерлерді, шарттық серіктестер мен басқа да тұлғаларды қамтиды. Құжатта белгіленген:

- жеке деректерді өңдейдің негіздері мен шарттары;
- субъектілер мен оператордың құқықтары мен міндетті тізбесі;
- жеке деректерді сақтау, қорғау және жою талаптары;
- деректерге қолжетімділік пен трансшекаралық беру тәртібі.

Саясат Серіктестіктің барлық жұмыскерлері үшін орындауға міндетті болып табылады және жеке деректермен заңды әрі қауіпсіз жұмыс істеуді қамтамасыз етуге бағатылған.

2. Серіктестіктің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Есептік кезеңде, яғни 2024 жылғы 30 сәуірден 2025 жылғы 28 сәуірге дейінгі аралықта 90 жұмыскермен еңбек шарттары бұзылды, оның ішінде: 69-ы — жұмыскердің бастамасы бойынша, 20-сы — еңбек шарты мерзімінің аяқталуына байланысты, 1-еуі — зейнеткерлік жасқа толуына байланысты. Осы кезеңде жұмысқа 69 жұмыскер қабылданды.

Тәртіптік жаза ретінде ескерту түрінде жауапкершілікке Серіктестіктің 1 жұмыскері тартылды.

Серіктестікте ішкі нормативтік құжат бекітілген — Жұмысқа іріктеу және қабылдау қағидалары, директордың 2023 жылғы 23 наурыздағы №36 бұйрығымен бекітілген.

Құжатта персоналды іріктеу тәртібі, ішкі және сыртқы үміткерлерді іздеу рәсімдері, іріктеу кезеңдері, үміткерлерге қойылатын талаптар, жұмысқа қабылдау туралы өтініштерді беру және қарау қағидалары, сондай-ақ қажетті құжаттар тізбесі айқындалған. Ерекше көңіл кәсіби тестілеу рәсімдеріне, сынақ мерзімін белгілеуге, еңбек шартын және жұмысқа қабылдау туралы актіні ресімдеуге бөлінген.

Ереже әкімшілік-басқарушылық, көркем және қойылымдық құрамға қолданылады және білікті жұмыскерлерді жұмысқа қабылдаудың ашық, жүйелі және объективті жүйесін қалыптастыруға бағытталған.

2023 жылғы 23 наурыздағы № 36 директор бұйрығымен бекітілген Жұмысқа іріктеу және қабылдау қағидаларын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 32-бабы 4-тармағының талаптарына сәйкес келтіру мақсатында, құжатқа келесі өзгерістерді енгізу **ұсынылады**:

1. Жұмысқа қабылдау қағидаларында белгілеу: басқа жұмыс берушімен қосымша жұмыс бойынша еңбек шарты жасалатын жағдайда үміткер негізгі жұмыс орнынан еңбек жағдайлары мен сипаты туралы анықтама ұсынуға міндетті (жұмыс орны, лауазымы және еңбек жағдайлары көрсетілуі тиіс).

2. Үміткердің негізгі жұмыс орны болмаған жағдайда, ол өзге жұмыс берушілермен еңбек қатынасында еместігі туралы жазбаша өтініш ұсынуға міндетті екендігін көздейтін норманы Қағидаларға енгізу.

Аталған шаралар еңбек заңнамасының талаптарын сақтау, жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығынан асып кетуінің алдын алу, сондай-ақ

бақыланбайтын қосымша жұмысқа орналасуға байланысты құқықтық және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмауға бағытталған.

Серіктестік қызметінде тұрақты негізде келесі алқалық органдар жұмыс істейді:

Театрдың Көркемдік кеңесі — шығармашылық репертуардың сапасын арттыру, классикалық және ұлттық хореография әдістерін енгізу, елдің жағымды имиджін қалыптастыру, сондай-ақ театрлық және концерттік қызметтің түрлі формаларын ұйымдастыру мақсатында құрылған басқару органы.

Келісу комиссиясы — Жұмысшылар мен Жұмыс беруші арасындағы еңбек қатынастары барысында туындайтын жеке еңбек дауларын қарастыратын орган.

Мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу жөніндегі комиссия — Театр жұмыскерлері арасындағы мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу мәселелерін қарастыратын орган.

Мүдделер қақтығысын реттеу.

Мүдделер қақтығысын реттеуге қатысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңдарына, Театр Жарғысына, сондай-ақ Театр жұмыскерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер қақтығысын реттеу саясатына сәйкес жүргізілді.

Мүдделер қақтығысы – бұл Театрдың лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің немесе өзге де тұлғалардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктерін орындауы немесе Серіктестіктің заңды мүдделерінің арасында қайшылық туындайтын жағдай, ол, соның ішінде, Серіктестіктің заңды мүдделеріне зиян келтіруге әкеп соғуы мүмкін.

Серіктестікте мүдделер қақтығысын уақтылы анықтау, алдын алу және оны реттеудің жалпы қағидаларын айқындайтын құжат — «Астана Балет» театры» ЖШС жұмыскерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер қақтығысын реттеу саясаты, ол Театр директорының 2022 жылғы 2 қаңтардағы бұйрығымен бекітілген.

Театрдың қызметін зерделеу барысында мүдделер қақтығысының бар-жоғына, кадрлардың ауысу себептеріне, қызметкерлердің жұмыстан шығуына, сондай-ақ кадр саясатының өзге де мәселелеріне талдау жүргізілді. Жаңадан қабылданған қызметкерлердің басқарушы құраммен туыстық немесе өзге де жеке байланысы анықталған жоқ.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету:

Жарғыға сәйкес, Театрдың қызметіне мемлекеттік қызметтер көрсету кірмейді.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру:

Жарғыға сәйкес, Театрдың қызметіне рұқсат беру функцияларын іске асыру кірмейді.

5. Бақылау функцияларын іске асыру:

Жарғыға сәйкес, Театрдың қызметіне бақылау функцияларын іске асыру кірмейді.

6. Ұйымдастырушылық-басқарушылық функциялардан туындайтын өзге де мәселелер

Театр шығармашылық және қаржылық қызмет салаларында Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық, Бюджеттік, Еңбек кодекстерін, Қазақстан Республикасының «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» кодексін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы», «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы», «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңдарын және басқа да нормативтік құқықтық актілерін, Театрдың Жарғысын, сондай-ақ қаржылық құжаттаманы жүргізу, мемлекеттік сатып алулар мен мемлекеттік тапсырма шеңберіндегі сатып алулар тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Бухгалтерия

Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген мерзімдерде, Серіктестіктің атқарушы органы әзірлеп, белгіленген тәртіппен ұсынған даму жоспарын және оның орындалуы туралы есепті бекіту, сондай-ақ жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту және таза табысты бөлу тәртібі бойынша Жалғыз қатысушыға ұсыныстар енгізу Серіктестіктің Жарғысының 19-бабы 1-тармағының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Бақылау кеңесінің өкілеттігіне жатады.

Бюджетті немесе қаржы қаражатын игеруді бекітетін алқалық органның болмауы – анықталған жоқ.

Серіктестіктің бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» заңына және Серіктестіктің есеп саясатына сәйкес жүргізіледі. Бухгалтерлік жазбалар бастапқы құжаттардың негізінде жүзеге асырылады.

Серіктестіктің есеп саясаты 2020 жылғы 31 желтоқсандағы №107 «Есеп саясатын бекіту туралы» директор бұйрығымен бекітілген.

Қызметкерлердің еңбекақы төлеу жүйесі «Астана Балет» театры» ЖШС қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, сыйақы беру және өзге де төлемдерді жүзеге асыру қағидаларымен айқындалады.

Жалақы штаттық кесте, бұйрықтар және жұмыс уақыты есебі табелінің негізінде есептеледі. Жұмыс уақытының есепке алу табельдері ай сайын жүргізіледі. Уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша жәрдемақылар мен

еңбек демалысына төленетін қаражат Бірыңғай орташа жалақыны есептеу қағидалары негізінде есептеледі. Жалақыны есептеу барысында штаттық кестемен бекітілген лауазымдық жалақылардан ауытқулар анықталған жоқ.

Сондай-ақ Серіктестікте жыл сайын қаржылық есептілік аудиті және арнайы мақсаттағы аудит жүргізіледі.

Серіктестіктің даму жоспары, даму жоспарына енгізілетін түзетулер, сондай-ақ жоспардың орындалуы туралы есеп www.gosreestr.kz мемлекеттік тізілімінде орналастырылады. Сонымен қатар, Серіктестіктің қаржылық есептілігі мен мемлекеттік сатып алулар жоспары Театрдың ресми сайтында жарияланады.

Бюджеттік және қаржылық қаражатты пайдалануда ашықтықтың болмауы, соның ішінде «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңының 6-бабы 9-тармақшасының сақталмауы – анықталған жоқ.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының, уәкілетті орган бекіткен Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының, сондай-ақ сатып алуды жоспарлау, өткізу және бақылау тәртібін регламенттейтін Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарының негізінде жүзеге асырылады. Сатып алу рәсімдері заңдылық, ашықтық, адал бәсекелестік, тиімділік және бюджет қаражатын ұтымды пайдалану қағидаларын сақтай отырып жүргізіледі. Сатып алуды ұйымдастыру және өткізу үшін жауапкершілік Серіктестіктің тиісті құрылымдық бөлімшесіне жүктелген.

7. Қорытынды

Қорытындылар:

Серіктестік қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау қолданыстағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетіктерін бағалауға және антикоррупциялық жүйені одан әрі жетілдіру үшін басым бағыттарды айқындауға мүмкіндік берді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және басқару саласындағы ашықтықты қамтамасыз ету – негізгі міндеттер қатарында қала береді.

Ұсынымдар:

- уәкілетті органдардың өкілдерінің қатысуымен семинарлар, тренингтер және дөңгелек үстелдер өткізу арқылы қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру;
- сыртқы және ішкі мониторинг жүргізуге қоғамдастықты тарту бойынша жұмысты жандандыру;
- заңнама талаптарын ескере отырып, Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарына тұрақты түрде талдау жүргізу және оларды өзектендіру;

• барлық құрылымдық бөлімшелердің қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды жүйелі түрде енгізуді және сақтауды қамтамасыз ету;

Осы ұсынымдарды іске асыру Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы инфрақұрылымды тұрақты түрде нығайтуға, жұмыскерлердің құқықтық санасын арттыруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге ықпал етеді.

Қосымша:

1. Қосымша 1 – Тәуекелдер картасы;
2. Қосымша 2 – Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдар тізбесі.

Комплаенс-офицер



Жолдасбай А.А.

**Таныстырылды:
Директордың м.а.**



Кузембаев В.А.

« 05 » маусым 2025 жыл

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу нәтижелері
бойынша талдалық анықтамаға
Қосымша-1

ТӘУЕКЕЛДЕР КАРТАСЫ

ӘСЕР	5					
	4					
	3					
	2					
	1	Ұ-3				
		1	2	3	4	5
ЫҚТИМАЛДЫҚ						

Критерийлердің сипаттамасы:

Әсер ету дәрежесі	Балл
Апатты	5
Сыни	4
Үлкен	3
Елеулі	2
Елеусіз	1

Мағынасы	Балл
Өте жиі	5
Жиі	4
Арасында	3
Сирек	2
Өте сирек	1

Қызыл аймақ – сыни және/немесе апатты тәуекел;

Қызғылт сары аймақ – жоғары тәуекел;

Сары аймақ – орташа тәуекел;

Жасыл аймақ – төмен тәуекел.

Комплаенс-офицер



А. Жолдасбай

**Аналитическая справка
по результатам внутреннего анализа
коррупционных рисков в деятельности
ТОО «Театр «Астана Балет»**

Внутренний анализ коррупционных рисков проведен в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О противодействии коррупции» от 18.11.2015г., Типовыми правилами проведения внутреннего анализа коррупционных рисков, утвержденных приказом Председателя Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействия коррупции от 19.10.2016 года №12, Методическими рекомендациями по проведению внутреннего анализа коррупционных рисков, утвержденных приказом Председателя Агентства Республики Казахстан по противодействию коррупции (Антикоррупционная служба) от 30 декабря 2022 года № 488, Уставом Товарищества с ограниченной ответственностью «Театр «Астана Балет» и иными правовыми актами.

1. Наименование объекта внутреннего анализа коррупционных рисков: Товарищество с ограниченной ответственностью «Театр «Астана Балет» (далее – Театр или Товарищество).

2. Внутренний анализ коррупционных рисков проводился по следующим направлениям:

1. Выявление коррупционных рисков в нормативных правовых актах, затрагивающих структурные подразделения Театра;

2. Выявление коррупционных рисков в организационно-управленческой деятельности в структурных подразделениях Театра.

3. Уполномоченное лицо, на которое возлагается функции по проведению внутреннего анализа коррупционных рисков: комплаенс-офицер: Жолдасбай Айдар Амангелдіұлы (приказ №40 от 15 апреля 2025 года).

4. Период проведения внутреннего анализа коррупционных рисков: с 28 апреля по 29 мая 2025 года.

5. Основание для проведения внутреннего анализа коррупционных рисков: Приказ от 15 апреля 2025 года №40 «О проведении внутреннего анализа коррупционных рисков в структурных подразделениях ТОО «Театр «Астана Балет».

6. Анализируемый период деятельности объекта внутреннего анализа: с 30 апреля 2024 года по 28 апреля 2025 года.

7. Данные руководителя и штатная численность Театра:

Директор Театра Совостьянов Александр Александрович (приказ о вступлении в должность № 40 от 08.02.2019г., расторгнут трудовой договор 11 марта 2025 года по инициативе работника)

И.о. директора Театра Кузембаев Валерий Альбекович (приказ №18 жбұ от 12.03.2025г.)

Штатная численность Театра составляет 378 единиц, фактическая численность составляет 346 работников.

Предметом деятельности Театра является:

- Концертная деятельность;
- Театральная деятельность.

Учредителем Театра является:

Правительство Республики Казахстан в лице Комитета государственного имущества и приватизации Министерство финансов Республики Казахстан (далее – Комитет). Комитет наделен полномочиями по реализации прав собственника по отношению к республиканской собственности и осуществляет функции по распоряжению государственной долей участия Товарищества.

Государственным органом (Единственным участником), осуществляющим на основании соответствующего акта приема-передачи права владения и пользования государственной долей участия в уставном капитале Товарищества, является Министерство культуры и информации Республики Казахстан.

Ранее проведенные проверки государственными органами в отношении Театра.

На основании поручения Вице-министра культуры и информации Республики Казахстан от 20 мая 2024 года № 29-01-29/147-ВН Комитетом архивов, документации и книжного дела Министерства культуры и информации Республики Казахстан с посещением субъекта была проведена проверка на предмет соблюдения законодательства о Национальном архивном фонде и архивах.

По результатам проверки в Товариществе ведется работа по устранению выявленных замечаний, приведению документационного обеспечения в соответствие с требованиями действующего законодательства, а также по совершенствованию системы архивного хранения.

1. Выявление коррупционных рисков в нормативных правовых актах (НПА) и внутренних нормативных документах (ВНД), затрагивающих деятельность Товарищества.

В ходе проведенного анализа внутренних нормативных актов, регулирующих деятельность Товарищества, проведена проверка на наличие коррупциогенных норм и типичных коррупциогенных факторов, таких как:

- правовые пробелы;
- коллизии между положениями правовых актов и внутренних документов;
- юридико-лингвистическая неопределённость;
- широта дискреционных полномочий;
- установление права вместо обязанности должностных лиц.

Согласно утвержденного Устава Театра, компетенция каждого из органов Товарищества (высший орган Товарищества-Единственный орган участник, орган управления – Наблюдательный совет, исполнительный орган Товарищества – Директор) соответствует требованиям законодательства о товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью и государственном имуществе. Норм, предоставляющих возможность принятия решения органами Товарищества по своему усмотрению либо норм, способствующих созданию барьеров при реализации физическими и юридическими лицами своих прав и законных интересов - не выявлено.

Во исполнение антикоррупционного законодательства разработаны и утверждены приказом директора Театра внутренние нормативные документы, направленные на выявление и минимизацию коррупционных рисков, формирование антикоррупционной культуры, повышение правовой грамотности работников, а также реализацию принципа нулевой терпимости к коррупции, в том числе следующие:

- Положение об антикоррупционной комплаенс-службе.
- Политика по противодействию коррупции;
- Антикоррупционный стандарт организации;
- Политика по урегулированию конфликта интересов;
- Кодекс корпоративной этики;
- Инструкция по противодействию коррупции.

Следует отметить, что из перечня антикоррупционных документов *Положение об антикоррупционной комплаенс-службе* утверждено решением Наблюдательного совета Товарищества, тогда как остальные документы (*в том числе Инструкция по противодействию коррупции, Политика по противодействию коррупции, Антикоррупционный стандарт, Политика по урегулированию конфликта интересов, Кодекс корпоративной этики*) утверждены на уровне исполнительного органа.

В связи с вышеизложенным, а также в соответствии с Положением об антикоррупционной комплаенс-службе Товарищества, **рекомендуется** внести указанные внутренние нормативные документы на рассмотрение и утверждение Наблюдательным советом Товарищества.

За анализируемый период в Товариществе был разработан и утверждён внутренний нормативный документ - Правила распределения служебного жилья, утверждённые приказом директора от 12 июля 2024 года № 75.

Указанный документ регламентирует порядок предоставления служебного жилья работникам, устанавливает категории лиц, имеющих право на получение жилья, условия подачи и рассмотрения заявлений, основания для принятия решений и правила заключения договоров временного проживания.

В рамках внутреннего анализа коррупционных рисков были выявлены следующие недостатки, содержащие признаки потенциальных коррупционных рисков:

- отсутствие формализованного учёта поданных заявлений и решений комиссии;
- недостаточная прозрачность контроля за фактическим использованием служебного жилья;
- неустановленный порядок хранения и ведения данных о заселенных лицах.

В целях минимизации указанных рисков и повышения прозрачности процесса предоставления служебного жилья, *рекомендуется внести в Правила следующие дополнения:*

1. Включить:
 - Приложение № 1 — Журнал учёта заявлений на предоставление служебного жилья;
 - Приложение № 2 — Список лиц, проживающих в служебном жилье.
2. Назначить ответственное лицо, уполномоченное на ведение указанных журналов, их актуализацию и соблюдение порядка контроля.

Реализация предложенных мер позволит обеспечить достоверный и системный учёт заявлений и решений комиссии, исключить вероятность субъективного подхода при распределении жилья и усилить антикоррупционные гарантии в деятельности Товарищества.

В Товариществе был разработан и утверждён внутренний нормативный документ — Положение о дисциплинарной комиссии, утверждённое приказом директора от 28 августа 2024 года № 78.

Документом предусмотрено создание постоянно действующего коллегиального органа — дисциплинарной комиссии, наделённой полномочиями по всестороннему, объективному рассмотрению дисциплинарных проступков работников. Положение регламентирует порядок формирования комиссии, её состав, принципы деятельности, а также процедуры сбора объяснений, принятия решений и документального оформления итогов.

Принятие указанного Положения способствует соблюдению требований трудового законодательства, формированию справедливой и прозрачной дисциплинарной практики, укреплению трудовой и исполнительской дисциплины в Товариществе.

Во исполнения законодательства Республики Казахстан «О персональных и их защите» принят и введен в действие внутренний нормативный документ – **Политика о порядке сбора, обработки и защиты персональных данных** (приказ №97 от 04 октября 2024 года).

Настоящая Политика определяет цели, принципы и порядок обработки персональных данных субъектов, чьи данные обрабатывается Товариществом,

включая работников, кандидатов на трудоустройство, контрагентов и иных лиц. Документ устанавливает:

- основания и условия обработки персональных данных;
- перечень прав и обязанностей субъектов и оператора;
- требования к защите, хранению и уничтожению персональных данных
- порядок предоставления доступа и трансграничной передачи данных.

Политика обязательна к исполнению всеми работниками Товарищества и направлена на обеспечение правомерного и безопасного обращения с персональными данными в соответствии с законодательством.

2. Выявление коррупционных рисков в организационно управленческой деятельности Товарищества.

За отчётный период, с 30 апреля 2024 года по 28 апреля 2025 года трудовые договоры были расторгнуты с 90 работниками, из них: 69 — по инициативе работников, 20 — в связи с истечением срока трудового договора, 1 — в связи с достижением пенсионного возраста. За тот же период на работу приняты 69 работника.

К дисциплинарной ответственности в виде выговора привлечен 1 работник Товарищества.

В Товариществе утверждён внутренний нормативный документ — Положение о подборе и приёме на работу, утверждённое приказом директора от 23 марта 2023 года №36.

Документ определяет порядок подбора персонала, процедуры внутреннего и внешнего поиска кандидатов, этапы отбора, требования к кандидатам, правила подачи и рассмотрения заявлений о приёме на работу, а также перечень необходимых документов. Особое внимание уделено процедурам профессионального тестирования, установлению испытательного срока, оформлению трудового договора и акту приёма на работу.

Положение распространяется на административно-управленческий, художественный и постановочный персонал, и направлено на формирование прозрачной, последовательной и объективной системы найма квалифицированных работников.

В целях приведения Положения о подборе и приёме на работу (приказ директора от 23.03.2023 года № 36) требованиям пункта 4 статьи 32 Трудового кодекса Республики Казахстан, **рекомендуется** внести в документ следующие изменения:

1. Установить, что для заключения трудового договора по совместительству с другим работодателем претендент обязан предоставить справку о характере и условиях труда по основному месту работы (с указанием места работы, должности и условий труда).

2. В случае отсутствия основного места работы у претендента включить в Правила соответствующее положение о предоставлении

письменного заявления о том, что он не состоит в трудовых отношениях с другими работодателями.

Эти меры направлены на соблюдение требований трудового законодательства, предупреждение превышения установленной продолжительности рабочего времени и исключение правовых и коррупционных рисков, связанных с неконтролируемым совместительством.

В деятельности Товарищества на постоянной основе функционируют следующие коллегиальные органы:

Художественный совет Театра — орган управления, созданный с целью повышения качества творческого репертуара, внедрения методов классической и национальной хореографии, а также формирования благоприятного имиджа страны, организации различных форм театральной и концертной деятельности.

Согласительная комиссия — орган по рассмотрению индивидуальных трудовых споров в процессе трудовых отношений между Работниками и Работодателем.

Комиссия по предотвращению и урегулированию конфликта интересов — орган по рассмотрению вопросов, связанных с предотвращением и урегулированием конфликта интересов работников Театра.

Урегулирование конфликта интересов.

Анализ коррупционных рисков касательно урегулирования конфликтов интересов проведен в соответствии Законами «О противодействии коррупции», «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью», Уставом Театра, а также Политикой по урегулированию конфликта интересов у работников и должностных лиц Театра.

Конфликтом интересов является ситуация, при которой возникает противоречие между личной заинтересованностью должностных лиц и работников Театра или иных лиц и выполнением исполнения ими своих должностных полномочий или законными интересами Товарищества, способное в том числе, привести к причинению вреда законным интересам Товарищества.

Документом, регулирующим общие принципы, своевременное выявление и предотвращение конфликта интересов в Товариществе является «Политика по урегулированию конфликта интересов у работников и должностных лиц ТОО «Театр «Астана Балет», утвержденная директором Театра 02 января 2022 года.

При изучении деятельности Театра проводился анализ на наличие конфликта интересов, причины сменяемости кадров, увольнения работников, а также же иным вопросам кадровой политики Театра. Фактов аффилированности вновь принятых работников с руководящим составом не установлено.

3. Описание государственных услуг:

Согласно Уставу, в деятельность Театра не входит оказание государственных услуг.

4. Реализация разрешительных функций:

Согласно Уставу, в деятельность Театра не входит реализация разрешительных функций.

5. Реализация контрольных функций:

Согласно Уставу, в деятельность Театра не входит реализация контрольных функций.

6. Иные вопросы, вытекающие из организационно-управленческой функций

В сферах творческой, финансовой деятельности Товарищества руководствуется Конституцией Республики Казахстан, Гражданским, Бюджетным, Трудовым Кодексами, Кодексом «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)» Республики Казахстан, Законами Республики Казахстан «О культуре», «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью», «О государственных закупках», «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности», «Об авторском праве и смежных правах», «О порядке рассмотрения обращений физических и юридических лиц» и другими нормативными правовыми актами Республики Казахстан, Уставом Театра и подзаконными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, регулирующими порядок ведения финансовой документации, проведения государственных закупок и закупок в рамках выполнения государственного задания.

Бухгалтерия

Согласно п.п. 2 п. 3 п. 1 п. 19 Устава Товарищества Наблюдательный совет утверждает План развития Товарищества и отчет об его исполнении в сроки, определенные законодательством Республики Казахстан, разработанные и предоставленные исполнительным органом в установленном порядке и предварительно утверждает годовую финансовую отчетность и вносит предложения Единственному участнику по порядку распределения чистого дохода.

Отсутствие коллегиального органа, утверждающего бюджет или освоение финансовых средств – не выявлено.

Ведение бухгалтерского учета и составление финансовой отчетности Товарищества осуществляется в соответствии законодательством Республики Казахстан «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности» и учетной политикой Товарищества. Бухгалтерские записи производятся на основании первичных документов.

Учётная политика Товарищества утверждена приказом Директора от 31 декабря 2020 года №107 «Об утверждении учетной политики».

Система оплаты труда работников определена Положением об оплате труда, осуществлении премирования и иных выплат работникам ТОО «Театр Астана Балет».

Заработная плата определяется на основании штатного расписания, приказов, табелей учёта рабочего времени. Табели учёта рабочего времени ведутся ежемесячно. Начисление пособий по временной нетрудоспособности и отпускных производится на основе Единых правил исчисления средней заработной платы. Отклонений по должностным окладам, утверждённым штатным расписанием и окладом, при расчёте заработной платы не установлено.

Также в Товариществе ежегодно проводится аудит финансовой отчетности и аудит специального назначения.

План развития Товарищества, корректировки, вносимые в план развития, отчет об исполнении плана размещаются в госреестре (www.gosreestr.kz), также финансовая отчетность Товарищества и план государственных закупок размещаются на официальном сайте Товарищества.

Непрозрачность расходования бюджетных и финансовых средств, в том числе несоблюдение п.п. 9 ст. 6 Закона «О доступе к информации» — не выявлено.

Организация государственных закупок.

Организация государственных закупок производится на основании Закона Республики Казахстан «О государственных закупках», Правил осуществления государственных закупок, утверждённых уполномоченным органом, а также внутренних нормативных документов Товарищества, регламентирующих порядок планирования, осуществления и контроля процедур закупок.

Процедуры закупок проводятся с соблюдением принципов законности, прозрачности, добросовестной конкуренции, эффективности и рационального использования бюджетных средств. Ответственность за организацию и проведение закупок возложена на соответствующее структурное подразделение Товарищества.

7. Заключение

Выводы:

Проведенный внутренний анализ коррупционных рисков в деятельности Товарищества позволил оценить существующие механизмы профилактики коррупции и обозначить приоритетные направления для дальнейшего совершенствования антикоррупционной системы. Формирование антикоррупционной культуры и обеспечение прозрачности в управлении остаются ключевыми задачами.

Рекомендации:

- продолжить работу по формированию антикоррупционной культуры среди работников посредством проведения семинаров, тренингов и круглых столов с участием представителей уполномоченных органов;
- активизировать деятельность по привлечению общественности к осуществлению внешнего и внутреннего мониторинга;
- регулярно проводить анализ и актуализацию внутренних нормативных документов Товарищества с учетом требований законодательства;
- обеспечить последовательное внедрение и соблюдение антикоррупционных стандартов в деятельности всех подразделений.

Реализация данных рекомендаций будет способствовать устойчивому укреплению антикоррупционной инфраструктуры, повышению уровня правосознания работников и снижению коррупционных рисков в Товариществе.

Приложение:

1. Приложение 1 - Карта рисков;
2. Приложение 2 - Перечень должностей, подверженных коррупционным рискам.

Комплаенс-офицер



Жолдасбай А.А.

Ознакомлен:

И.о. директора



Кузембаев В.А.

«05» сентя 2025 года

Приложение 1
к Аналитической справке
по проведению внутреннего
анализа коррупционных рисков

КАРТА РИСКОВ

ВЛИЯНИЕ	5					
	4					
	3					
	2					
	1	P-3				
		1	2	3	4	5
		ВЕРОЯТНОСТЬ				


Описание критериев:

Степень влияния	Балл
Катастрофическое	5
Критическое	4
Крупное	3
Заметное	2
Незначительное	1

Значение	Балл
Очень часто	5
Часто	4
Время от времени	3
Редкое	2
Очень редкое	1

Красная зона – критичен и (или) катастрофичен риск;
Оранжевая зона – высокий риск;
Желтая зона – средний риск;
Зеленная зона – низкий риск.

Комплаенс-офицер



А. Жолдасбай